

Қоғамдық жұмысқа тарту түрінде сотталғандар үшін пайдалы қоғамдық жұмыс түрлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 4 маусымдағы № 234 қаулысы. Қостанай облысы Таран ауданының 2010 жылғы 3 шілдеде № 9-18-119 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 45 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 03.03.2015 № 45 қаулысымен.

1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 42 -бабына сәйкес, Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сотталғандарды пайдалы қоғамдық жұмыс түріндегі жазаға тартып жұмысқа орналастыруға үшін қоғамдық жұмыс түрлері анықталсын (қосымша).

2. Қостанай облысы бойынша қылмыстық-орындаушы жүйе Комитет басқармасының Таран ауданының қылмыстық атқару инспекциясына (келісім бойынша) қоғамдық жұмыс түріндегі жазаға тартылып сотталғандарға бақылау жасауды жүзеге асыруға ұсыныс берілсін.

3. Осы қаулы алғаш рет реңми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Ахметжанов

КЕЛІСІЛДІ

*Қостанай облысы бойынша
қылмыстық-орындаушы жүйенің
Комитет басқармасының Таран ауданының
қылмыстық атқару инспекциясының
бас инспекторы – бас маманына

T. Жакенов*

Таран ауданы әкімдігінің
2010 жылғы 4 маусым № 234
қаулысына қосымша

**Пайдалы қоғамдық жұмыс түріндегі жазаға тартылып
сотталған тұлғаларды жұмысқа орналастыруға
арналған қоғамдық жұмыстардың тізбесі**

Ескеरту. Қосымшасында бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селолардың" сөздері "ауылдық", "ауылдардың" деген сөздермен ауыстырылды - Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 10.04.2014 № 118 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ т/т	Жұмыстардың түрлері
1.	<p>Аудан аумағын, қандай болса да арнайы дайындықты талап етпейтін көгалдандыруға және жинауға ж ә р д е м д е с у :</p> <p>жолды мұздан, қардан тазарту, жаяу жүргіншілер жолдарын тазалау, жолдардан қоқысты, шанды, ласты қолмен жинау, тасымалдау (көлікке тиуеу, түсіру) тазалық жасау, алдын ала тазалау және ақбалышық езіп дайындау арқылы жол жиегінің тастанын ақтау-сырлау, газондарды үнемі қоқыстан тазарту, су бұрғыш каналдарын ластан, қоқыстан тазарту, бұтақшаларды шырпуға, урнаны үнемі қоқыстан тазарту, бұталарды қолдап шырпу және сиректету, ағаштардың қурап қалған бұтақшаларын шырпу, ағаштардың құрғақ бұтақшаларын шырпу, саябақтар аумағының қоқысын қолдап көлікке тиуеу арқылы жинау, жол жиегін, баспалдактарды сыпыру, су тоғаны баурайларын қоқыстан, ластан тазалау, кіші нысандағы: төбешіктерді, отырғыштарды майлышырлау.</p>
2.	<p>Аудан орталығын, ауылдық округтер, ауылдардың және кенттің аумағын қандай болса да арнайы дайындықты талап етпейтін жинау мен көгалдандыруға жәрдемдесу:</p> <p>қоқыс жинау, ағаштардың қурап қалған бұтақшаларын шырпу, ағаштардың құрғақ бұтақшаларын шырпу, гүл орындарын дайындау, аумақтарды жусаннан, курайдан маусымдық жинау, ағаш-көшеттерді, бұталарды отырғызу, алдын ала тазалау және ақбалышық езіп дайындау арқылы жол жиегінің тастанын ақтау-сырлау, жол жиегін, баспалдактарды сыпыру.</p>